

Күрделі қаржы жұмсалымдарына шолу

2017 жылы ЕМГ АҚ-ның күрделі қаржы жұмсалымдарының көлемі 38 млрд теңгеден аса құрады. Жұмсалған қаржының 30% астамы құрылыс жұмыстарына бағытталған, бұл стратегиялық жобаларды іске асырумен байланысты. Пайдаланылма барлау, негізгі құрал-жабдық пен материалдық емес активтерді сатып алу және іздеу-барлау жұмыстарына шамамен 20%-дан шықты.

Күрделі қаржы жұмсалымдары, млн теңге

Инвестиция баптары	2013	2014	2015	2016	2017
Құрылыс жұмыстары	13 749	12 333	10 685	30 989	12 618
Пайдаланылма бұрғылау	13 232	13 279	9 213	8 253	8 632
НҚЖ мен МЕА сатып алу	5 004	4 556	5 564	3 536	8 375
Іздеп-барлап бұрғылау	3 792	3 225	2 163	4 620	8 118
Басқасы	740	15 606	549	1 271	304
CAPEX Барлығы	36 518	48 999	28 174	48 669	38 047

2014–2017 ж.ж. уақытта ірі инвестициялық жоба – Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын кешенді дайындау бойынша қуаты жылына 150 млн м³, жалпы құны 35 млрд теңге кешенді қондырғының құрылысы жүзеге асырылды.

Салынған объект Атырау облысы Жылыой ауданы Прорва кен орындар тобында (С. Нұржанов, Б. Прорва, Ақтөбе, Досмұхамбетов кен орындары) ілеспе мұнай газын кәдеге жарату үшін тағайындалған.

Бұл жоба газды ауаға жағуды толығымен тоқтатады және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва бірлестігі бойынша мұнай өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік берді.

Тауар газы «Толқын» ГҚДҚ-ГЖП өндіріс газ құбырымен тасымалданады, тұрақты газ шығыны жеке қажеттіліктер үшін қолданылады.

Газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысы кезінде 500-ден аса уақытша жұмыс орны ашылды. Объект қолданысқа енгізілгеннен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ штатында жүзден аса жаңа тұрақты жұмыс орнымен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орындар тобын өңдеу жөніндегі өндірістік басқармасының газ дайындайтын және күкірт алатын жаңа цех құрылды.

